



Өр Алтай



Газет 2000 жылдың қыркүйек айынан шыға бастады
Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар, қалан!
(Абай.)

№ 6-7 (148) маусым-шілде 2016 жыл

Мектеп мәртебесімен жеңіс тұғырына...

XXI ғасыр - бәсекеге қабілетті жастардың ғасыры. Жыл санап емес, күн санап дамып жатқан бүгінгі қоғамда бәсекеге қабілетті болмау мүмкін емес. Азуын айға білеген алпауыт мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймау үшін бүгінгі ұрпақ білімді де білікті, талантты да шығармашыл тұлға болуы шарт. Ал мұның алғашқы баспалдағы мектеп табалдырығынан басталатыны сөзсіз.

Алдында отырған бүгінгі шәкірт ертеңгі егемен елдің болашағы екенін жан-жүрегімен түсіне білетін әр ұстаз шәкіртінің биіктерден көрінуін қалайды. Біздің мектеп ұжымымыз да әр баланың білімді де білікті, тәртіпті болып өсуі үшін аянбай еңбек етіп келеді. Артылған үміт пен төгілген тер қашанда өз жемісін берері сөзсіз.

2015-2016 оқу жылында мектепті барлығы 24 түлек аяқтады. ҰБТ-ға мектеп бітіруші түлектер 100% қатысты. Бұл оқу жылы былтырғы оқу жылы сияқты біз үшін ерекше табысты жыл болды. 2014-2015 оқу жылында ҰБТ-ның нәтижесі бойынша 110,4 ортақ балмен қала мектептері ішінен 1-орынға шыққан болатынбыз. 2015-2016 оқу жылында да біздің түлектеріміз кіл жүйріктердің ішінен оза шапқан Құлагердей суырылып алға шығып, жеңістің ең биік тұғырынан көріне білді. Жалпы ортақ балдық көрсеткішіміз 117 балды құрап, қала мектептері бойынша тағы да 1-орынды иелендік. Ұстаздар мен ата-аналардың, оқушылардың мақсатқа жетудегі талабы бізді осындай биік белестерге көтерді.

Мектеп бітіруші түлектердің ішінде Өмірбек Әли мен Тоқтауғажиева Еркежан сынды оқушыларымыз халықаралық деңгейдегі ғылыми жобаға қатысып, жүлделі орындар иеленіп қана қоймай, ҰБТ-дан босатылып, 125 балды қанжығаларына байлады. Ал қалған 22 түлегіміз 4 маусым күні үкілі үмітті арқалап ҰБТ тапсырды. Нәтижесі көңіл қуантарлық болып, тілегіміз қабыл болды. Алтын белгіге үміткер болған Айтқазина Шұғыла 124 балл, Қасентаева Әсем 122 балл, Мұқаметқанова Айжан 121 балл, Мұқашева Дана 119 балл, Жұманова Толғанай 118 балл, Қабдылмаликова Айым 118 балл, Мамырова Сабина 118 балл, Бакытқанова Тамара 116 балл, Камзина Тоғжан 116 балл, үздік аттестат иегерлігіне үміткер Айтқазина Назерке 123 балл, Кеңесова Дина 119 балл, Ергазина Жансая 118 балл, Көкенова Аерке 115 балл жинап, алтын белгі, үздік аттестат иегерлері атанды. Қалған оқушыларымыз да өте жақсы нәтиже көрсетті. Математика, орыс тілі сияқты негізгі пәндерден оқушыларымызда бір де бір «4»-тік баға болмаса, ал қазақ тілі, Қазақстан тарихы пәндерінен «3»-тік баға болған жоқ.

Ұлттық Бірыңғай Тестілеуде жоғары білім сапасын және жоғары білімге қол жеткізудің әлеуметтік әділдігін қамтамасыз етіп, шәкірттерді жоғары жетістікке жеткізе білген мектеп әкімшілігі мен ұстаздар еңбегінің өлшеусіз екенін айтпай кетуге болмас. ҰБТ-ның нәтижелі болуына басшылық жасап, нақты нәтижеге жетуге негіз болған оқу ісінің меңгерушілері Ч.Т.Мажинова, Л.Н.Хасенова, Н.А.Садықовалардың, ал бар күш-жігерін шәкірттерінен аямаған қазақ тілі пәні бойынша Г.Қ.Сисанова, орыс тілі пәнінен А.А.Ахметова, М.М.Мамырханова, математика пәнінен Г.Қ.Дусипова, Д.Б. Ибраева, тарих пәнінен А.К.Тюменбаева, таңдау пәндері бойынша физика пәнінен Б.С.Қалиева, биология пәнінен Б.Қ.Ахметбаева, география пәнінен Қ.К.Демчинов, ағылшын тілі пәнінен К.Б.Смагулова, химия пәнінен Р.Г.Жайлаубаевалардың еңбегі зор болды.

Білімді адамның ала алмайтын биігі жоқ. Асылы адам баласы бұл өмірде өзі қалаған нәрсенің бәріне өнердің, білімнің нәтижесінде қол жеткізе алады.

Осы орайда ҰБТ-да жоғары жетістіктерге жеткен оқушыларды, ата-аналар мен ұстаздарды шын жүрегімнен құттықтағым келеді. Оқушыларымыз мектепте алған білімдері мен тәрбиелерін ары қарай жоғары оқу орындарында жалғастырып, білімді де білікті маман болып шығатынына кәміл сенеміз. Егеменді еліміздің асқақтап, небір алпауыт мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең болып, әлем деңгейіндегі дамушы елдердің қатарынан көрінуіне бізден түлеп ұшқан әрбір шәкірт үлес қосады деп сенеміз. Қайда жүрсендер де сендерге білім берген ұстаздарыңды ұмытпай, алтын ұя мектептеріңнің сендер жеткен әрбір жетістікке қосқан үлесі бар екенін естеріңнен шығармандар. Шыққан биіктерің құтты болсын, түлектер!

Мектеп директоры
Түменбаев Таңатқан Қалибекұлы,
ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері.
ҚР білім беру ісінің үздігі.

Жалынды жастар - еліміздің ертеңі

Біздің Отанымыз – Қазақстан. Тәуелсіз елдің тірегі – бейбітшілік, тыныштық, келешегі –білімді ұрпақ.

«XXI ғасырда білімін жетілдірмеген халықтың тығырыққа тірілері сөзсіз»- деген Н.Ә.Назарбаевтың сөзін ескере отырып, жас ұрпаққа білім беруде ұстаздар қауымының атқарған еңбектері шексіз болды.

Сол еңбектерінің нәтижесінде әр жыл сайын мектебімізде үздіктер шеруін өткізу дәстүрге айналған.

Үздіктер шеруінің негізгі мақсаты-еліміздің дамуы үшін бүгінгі жас ұрпақ білімді болуы шарт. Егемендіктің кілгін ұстар жастардың жарқын болашағына білім нәрінің қажеттілігі айдан анық. Оқушыларды болашақта осы беттерінен таймай, әрі қарай үздік болып, жазғы демалыста білімдерін жетілдіріп, білмегендерін оқып, келесі оқу жылына дайын болу.

Шеруде мектеп директоры Т.Қ.Түменбаев өз сөзінде: «Біз бүгінде ғылым мен техникасы қарыштап дамыған қоғамда өмір сүріп отырмыз. Тарих сахнасына Тәуелсіз мемлекет болып шыққанымызға небәрі 25 жыл ғана. Десе де, осы 25 жыл ішінде мемлекетіміздің жеткен жетістігі ауыз толтырып айтарлықтай. Елбасымыздың сындарлы саясаты мен оны қолдап отырған халық еңбегінің жемісі бүгінде бізді күллі әлемге танытып отыр. Осының ішінде Қазақстанның дамуына үлес қосушылардың бірден-бірі жалынды жастар деп білемін. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында: «Мен сіздер,

бүгінгі жастар, ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты.

Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деп тегін айтпаса керек. Сондықтан, Қазақстанның жаңа даму кезеңі – тікелей жастардың қолында.

Біз, ұстаздар қауымы да өзіміз тәрбиелеп отырған шәкірттерімізге үлкен сеніммен, үкілі үмітпен қараймыз. Мәуелі жас ағашты баптағанда ғана, оның жайқалып, түзу өсетіні айдан анық.

Сол сияқты қанатын енді қаққан жастарға ел ағалары мен ата-аналар, ұстаздар жол сілтеп, ел іргесінің бір кірпіші болып қалануына мүмкіндіктер жасауы қажет. Сол себепті, халқымыздың арайлы таңында тек белсенді жастардың талапты талпынысына жол ашып, бойына патриотық сезімін ұялатып, салауатты өмір салтын насихаттап, саяси көзқарасын дамыту арқылы көруге болады. Түйіндей келе, барлығымыз Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің тамырын тереңдететін, халық мүддесін бірінші орынға қоятын, қазақ елінің атын күллі әлемге паш ететін, болашақ, алып ұландарды дайындауға бар күшімізді салуымыз керек», - деді.

Шеруге көптеген ата-аналар, қонақтар келіп қатысты.

1-«А» сыныбының ата -анасы Алтынгазиева Жанар Құмарбекқызы құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларға ыстық лебізін және мектеп ұжымына деген шексіз алғысын білдірді. Барлық мектеп оқушыларына жазғы демалыстарын жақсы өткізулерін тіледі.

7-«М2» сынып оқушысы Бейбіт Ботагөз үздік оқушылардың атынан мектеп мұғалімдеріне алғысын айтып, «Үздіктер шеруінің» маңызын ашып, айтып, жеткізе білді. Ал үздік оқушыларға тек сапалы білім, Қазақстанның болашағы тек жастардың қолында екенін, лицейдің туын биік ұстауға әрқашан дайын екендігін жеткізе білді. Шеруге қатысқан барлық екпінді оқушыларға келесі оқу жылында өз білімдерін тиянақтап, толықтырып, үздіктер қатарына қосылуға шақыра білді.

№4 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша барлық үздік оқушылар келесі сыныпқа емтихансыз көшірілді.

Биылғы 2015-2016 оқу жылын мектеп-лицейімізде барлығы 962 оқушы аяқтады.

1-4 сыныптар аралығындағы 498 оқушының үздігі - 266, екпінді - 192, жалпы білім сапасы 92 пайызды көрсетті.

5-9 сынып аралығында 401 оқушы, оның үздігі - 233, екпінді - 142, жалпы білім сапасы 94 пайыз.

10-11 сыныптарда барлығы 63 оқушы, 28 үздік, 35 екпінді, білім сапасы 100 пайызды көрсетті.

1-11 сынып аралығында 962 оқушының үздігі - 527, ал екпінді - 369, жалпы білім сапа

жалғасы келесі бетте

сын 93 пайызбен аяқтадық.

Келесі 2016 -2017 оқу жылы барлық мектеп мұғалімдеріне ерекше дарынды, үздік оқушылардың білім сапасына назар аударатырып, бәсекеге қабілетті, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде олимпиада және ғылыми жобаларға дайындау міндеттеледі. Өр мұғалімнің жылдық жоспарында дарынды оқушылармен жұмыс жүйесі нақты көрсетіліп, іске асыруы қажет.

Мемлекеттік білім саясаты негізінде бүгінгі таңда әр оқушының қабілетіне қарай интеллектуалдық, жеке тұлға дарындылығын дамыту өзекті мәселелер қатарында. Қазіргі жаһандану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының әлемдік деңгейіне көтерілу кезеңінде білім алып отырған оқушыларға қоғамның сұранысы да артуда. Осыған орай дарынды балалардың зияткерлік-интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етудің маңыздылығы зор.

Дарынды балалар- ел болашағы. Бүгінгі күні өте қабілетті, дарынды балаларды іріктеп, олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау -

мұғалімдер алдындағы кезек күттірмейтін іс болып отыр.

Дарын- адам бойындағы асқан талант, ерекше қабілет. Ал дарындылық бала бойындағы «алғырлық, зеректік» деп психологиялық ұғым тұрғысынан анықталынған болатын. Дарынды баланың ойлау қабілеті басым, түрлі болжам жасауға қабілетті, қиялға ұшқыр, шығармашылықпен айналысуға, өз білімін сынауға тырысады, жетілдіруге талпынады. Міне, осындай дарынды оқушының дүниетанымын кеңейту үшін шығармашылық жұмысқа баулу, жоба қорғау, пәндік олимпиада, зияткерлік ойындар, интеллектуалды сайыстар, пәндік және шығармашылық үйірмелер, көркемсөз оқу байқаулары оқушылардың ізденушілік қабілеттерін жетілдіруде, дарындылығын ұштауда маңызы зор.

Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде мектебіміздің негізгі міндеттері:

-Оқушының табиғи зияткерлік қабілеттерін дамыту;

-Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін айқындау және дамыту;

-Зияткерлік және танымдық қабілеттерін тек сабақтарда ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда дамытып отыру;

-Жан-жақты білім негізінде тұрақты дүниетанымын дамыту;

-Оқушының өздігінен ізденімпаздықпен білім алуын дамыту;

-Оқушылардың ұйымдастырушылық, шығармашылық, танымдық, ізденушілік, зерттеушілік, коммуникативтік қабілеттері мен тұлғалық қасиеттерін арттыру болып табылады.

Мектебіміздің мұғалімдерінен үздік оқушымен жеке жоспар жасай отырып, жұмыс атқару, шығармашылықтарын дамыту, барлық байқауларға дайындап, жүлделі орындарды иелену талап етіледі.

Біліміден шыққан сөз

Талантыға болсын кез,

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз – деп, Абай Құнанбайұлы жырлағандай, көкірегі ояу, білімді де еңбекқор ұрпақ болыңыздар.

Мажинова Чинар Тлегеновна, оқу ісінің меңгерушісі.



«Шапағат» Жазғы сауықтыру лагері

Жазғы үлкен үзіліс ұзақ оқу жылынан кейін мектеп оқушыларының денсаулығын нығайту, денесін шынықтыруы, күш жинауы үшін беріледі. Бұл - олардың рухани баю, өз күштерін тексеру және байқап көру, қоршаған ортаны игеру және түсіну уақыты. Балалардың белсенді демалысы әдеттегідей мектеп

жанындағы жазғы сауықтыру лагерьлерінде өтеді.

Оралхан Бөкей атындағы №44 мектеп-лицейінде 2015-2016 оқу жылында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында балалардың сауықтыру лагері ұйымдастырылды. Мемлекеттік бюджеттен 84 бала тегін қамтамасыз етіледі. Ал жалпы алғанда екі ауысымда 120 оқушыны сауықтыру жоспарланып отыр. Балалардың жас мөлшері 6 жастан 12 жасқа дейін. Ауысым ұзақтығы - 10 күн. Жазғы лагерьде аз қамтылған отбасы балалары, сондай-ақ жайсыз отбасы балалары және қамқоршысынан айрылған көпбалалы

отбасыларының балалары тартылды. Жазғы лагерьді өткізу қажеттілігі жазғы жағдайда оқу үрдісін жалғастыру, оқушылардың денсаулығын нығайту, балаларды жазғы уақытта іспен қамту мәселесі секілді жайлардан туындап отыр. Лагерь бағдарламасы балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалды. Мектеп жанындағы лагерьдің мақсаты - педагогикалық ұжым, ата-аналар қоғамдастығы, оқушылар, мектептен тыс ұйымдардың өзара қарым-қатынасын орната

үшін қажетті әдістемелік, ұйымдастырушылық, денсаулығына түсінушілікпен қарауы және олар-дене сауықтыру жүйесін жасау. Баланың тұлғасын денсаулығын бекіту, Қазақстан азаматының ең «Шапағат» лагеріндегі I ауысымдағы 1-топтың 2-топта Карпаева Н.Қ, Рахимова И.Т және 3-топ-сы Даутбеков Бақыт Даутбекұлы мамырдың 30 бағдарламасын және II ауысымда 1-топ бойынша жүзеге асырады. Лагерьде демалушыларға сапалы, Бекітілген жоспарға сәйкес лагерь демалушылары тын болсақ, қаламыздағы «Дельфин», «Чайка» хабалалар кітапханасына» саяхаттар ұйымдастыру, драма театрында өткізілетін қойылымдар мен іс-шараларға қатысады. Сол жағалау этнопаркіне және қала сыртына «Конный двор» таулы өлкесіне бір күндік саяхат ұйымдастыру жоспарымызда бар. Ауысымның жабылу салтанатында балалар 10 күн ішіндегі өздерінің көңіл-күйлерімен бөлісіп, ән айтып, би билеп, белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталады. «Шапағат» мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері әрқашан балалардың жазғы демалысын ұмытылмастай етіп іске асыруға бар күш-жігерін салады. Жаздағы жақсы демалыс - жыл бойына қажетті күш –қуат.



отбасыларының балалары тартылды. Жазғы лагерьді өткізу қажеттілігі жазғы жағдайда оқу үрдісін жалғастыру, оқушылардың денсаулығын нығайту, балаларды жазғы уақытта іспен қамту мәселесі секілді жайлардан туындап отыр. Лагерь бағдарламасы балалардың қызығушылығы мен психологиялық жас ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалды. Мектеп жанындағы лагерьдің мақсаты - педагогикалық ұжым, ата-аналар қоғамдастығы, оқушылар, мектептен тыс ұйымдардың өзара қарым-қатынасын орната үшін қажетті әдістемелік, ұйымдастырушылық, денсаулығына түсінушілікпен қарауы және олар-дене сауықтыру жүйесін жасау. Баланың тұлғасын денсаулығын бекіту, Қазақстан азаматының ең «Шапағат» лагеріндегі I ауысымдағы 1-топтың 2-топта Карпаева Н.Қ, Рахимова И.Т және 3-топ-сы Даутбеков Бақыт Даутбекұлы мамырдың 30 бағдарламасын және II ауысымда 1-топ бойынша жүзеге асырады. Лагерьде демалушыларға сапалы, Бекітілген жоспарға сәйкес лагерь демалушылары тын болсақ, қаламыздағы «Дельфин», «Чайка» хабалалар кітапханасына» саяхаттар ұйымдастыру, драма театрында өткізілетін қойылымдар мен іс-шараларға қатысады. Сол жағалау этнопаркіне және қала сыртына «Конный двор» таулы өлкесіне бір күндік саяхат ұйымдастыру жоспарымызда бар. Ауысымның жабылу салтанатында балалар 10 күн ішіндегі өздерінің көңіл-күйлерімен бөлісіп, ән айтып, би билеп, белсенді қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталады. «Шапағат» мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагері әрқашан балалардың жазғы демалысын ұмытылмастай етіп іске асыруға бар күш-жігерін салады. Жаздағы жақсы демалыс - жыл бойына қажетті күш –қуат.

Даутбеков Бақыт Даутбекұлы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Үкілі өлiмiтi арқалап...

Бүгінгі мектептің міндеті әр оқушыны жеке тұлға етіп қалыптастыру болып отыр. Мектеп оқушыларына үлгі болатын жан-жақты, мәдениетті, білімді, тәрбиелі жеке тұлғаны анықтау, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқушылардың танымдық белсенділіктері мен шығармашылық әрекеттерін ынталандыру мақсатында мектебімізде педкеңесте бекітілген арнайы ереже бойынша «Жыл оқушысы» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 1-10 сынып оқушылары қатысты.

Байқау талаптары:

1. Оқушының үздік оқуы;
2. Үлгілі тәртібі;
3. Қоғамдық, мектепшілік жұмыстарға белсене қатысуы;
4. Олимпиада, ғылыми жоба қорғау, шығармашылық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға нәтижелі қатысуы;
5. Сынып өміріне белсене араласуы;
6. Адамгершілік қасиеттері мен мәдениеттілігінің жоғары болуы.

Жыл көлемінде мектеп өміріне белсене араласып, өнерде, спортта шығармашылықтарымен, өз білімдерімен, жауапкершіліктерімен ерекшеленген оқушылар әр түрлі номинацияларға ие болды. Сондай-ақ, сыныптар арасында рейтинг жүргізіліп, «Үздік сынып» пен «Үздік сынып жетекшісі» анықталды.

Үздік сыныптар:

Жоғарғы буын бойынша Бас жүлдені 7 - «М1» сыныбы 5115 балмен жеңіп алып, «Оралхан Бөкей атындағы сынып» атағын иеленді. Сынып әкімі-Жайлаубаева Дильназ. Сынып жетекшісі-Мухажанова Мадина Адилханқызы.

Ал бастауыш буын бойынша Бас жүлдені 3 - «В» сыныбы 2004 балмен жеңіп алып,

«Уражанов Манап Уражанұлы атындағы сынып» атағын иеленді. Сынып әкімі-Нұрланқызы Жаннұр. Сынып жетекшісі - Дырымбаева Гүлнар Қадылбекқызы.

Сынып жетекшілердің қызметін рейтингілік бағалау қорытындысы бойынша:

«Жыл сынып жетекшісі - 2016 » байқауының Бас жүлде иегері 7 - «М1» сынып жетекшісі Мухажанова Мадина Адилханқызының (5115 балл) Еңбек кітапшасына алғыс жарияланып, сертификатпен және мадақтамамен марапатталды.

«Жыл сынып жетекшісі - 2016 » байқауының Бас жүлде иегері 3 - «В» сынып жетекшісі Дырымбаева Гүлнар Қадылбекқызының (2004 балл) Еңбек кітапшасына алғыс жарияланып, мадақтамамен марапатталды.

«Жыл оқушысы-2016» номинациясы бойынша:

Жоғары сыныптан «Жыл оқушысы-2016» номинациясының иегері 9 - «М2» сынып оқушысы Нұрланова Талшын (103 балл).

Бастауыш сыныптан «Жыл оқушысы - 2016» номинациясының иегері 3 - «В» сынып оқушысы Қабдыкенова Еңлік (92балл).

Қалалық «Жыл оқушысы-2016» байқауының 2- турына «Зияткер» номинациясы бойынша 7 - «М2» сынып оқушысы Бейбіт Ботагөз жолдама алды. Ботагөзге толағай табыс, сәттілік тілейміз!

Мұғалімдеріміз бен оқушыларымыздың жыл көлеміндегі атқарған жұмыстары мен еңбектері ақталып, жоғары марапаттарға ие болуларымен шын жүректен құттықтап, еңбектеріне жеміс, оқуларында озат болып, бұдан да биік белестерді бағындыруларына тілектеспін.

Масалова Шағала Ануарбекқызы,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Мои мысли о поэзии и о Пушкине.



Осень. Тишина. Глухие тропы диких садов. Слышу грустное шуршание осенних листьев. У меня появились неожиданные силы, которые заставляют искать, дают надежды, мысли, желания, действия. Все это у меня появилось, благодаря знакомству с великим творением А.С. Пушкина «Осень». И как Пушкин, мне хочется сказать: «Дни поздней осени бранят обыкновенно, но мне она мила, читатель дорогой».

Люблю море: и серо – спокойное, и черно- взволнованное, и фиолетово-грозное.... Люблю грозу над морем, «глухие звуки и тишину в вечерний час и неподвижный берег». Перед глазами образ моря и образ человека.

Иду по лесу, но слышу «говор волн». Люблю до боли строку, впервые услышанного стихотворения. Люблю шелест страниц и тоску, без которой нет радости. Люблю, когда в душе разгорается страстное чувство любви к людям, когда хороши все и хорош ты, когда жизнь не кажется тяжелым камнем, когда жизнь – это трудное восхождение на вершину, за которой еще не одна неприступная скала.... Я преодолю их, потому что рядом со мной великий поэт.

Казбек Сабина, победитель
Международной школы
«Science travel - 2016» .

«...Он был велик во всем: и в своих надеждах, и своих заблуждениях, и в своих победах, и в своей любви...»



Я учусь в восьмом классе. Я очень люблю уроки «Литературного чтения», но с любовной лирикой А.С.Пушкина мы знакомимся в десятом классе. Моя учительница Садыкова Багжамал Унарбековна на уроках литературы очень увлекательно рассказывала нам о поэтах XIX века, о Санкт- Петербурге.

Открыв томик поэта, прочитала стихотворение «Я вас любил...» и меня поразили мотив грусти и печали. Я всегда думала, что любовь окрыляет человека. Задумалась над строчками «Как дай вам бог любимой быть другим» и сделала вывод, что любовь должна быть такой же нежной, как любовь поэта. Это звучит как разговор поэта с любимой. Пушкин не дает описание любимой, но создает у меня уверенность, что так любить можно только достойного человека. Правда, прошлое вернуть нельзя, но форма настоящего времени звучит «Я не хочу печалить вас ничем». В этом величие человека и величие поэта.

О самом прекрасном чувстве Пушкин написал простым, понятным языком. Я жду теплых весенних дней и мечтаю о том, что буду читать стихи великого поэта в Летнем саду и буду делать свои маленькие открытия.

Здравствуй, Пушкин! И я согласна со словами академика Д. Лихачева, «Он был велик во всем...».

Аркалык Камила, победитель
Международной олимпиады
«Science travel - 2016» по русской литературе

Мой Пушкин



Наша детская память хранит веселое имя – Пушкин, потому что у каждого человека любовь к поэту начинается с детства. Это сказки, стихи о временах года.

Каждый ребенок со страхом и восторгом декламировал: «Буря мглою небо кроет...». Нам тогда казалось, что идет зима, стучит в окно. Простые слова, доступные образы, но они создают незабываемый эмоциональный настрой, который сохраняется на всю жизнь. С образом зимней ночи познакомились на уроке «Литературного чтения» в седьмом классе:

Сквозь волнистые туманы
Пробирается луна,
На печальные поляны
Льет печально свет она.
Когда читаю эти строки о зиме, возникает ощущение тихой грусти:
Ни огня, ни черной хаты
Глушь да снег...

На уроке мы прочитали совсем другое описание зимы, добрые и оптимистичные:

Под голубыми небесами
Великолепными коврами,
Блестя на солнце, снег лежит...

Когда я читаю стихи Пушкина о природе, то ясно представляю на фоне природы переживания человека. Природа и человек всегда едины. В стихотворении «Бесы» картина вьюги отражает чувства самого поэта:

Мчатся бесы рой за роем...
Визгом жалобным и воем
Надрывая сердце мне...

Мы учимся у Пушкина восхищению красотой русской земли и любви прекрасному. Я думаю, произведения гениального поэта полностью совпадают с нашими представлениями о мире, где человек - только частица живой природы. И это должно помочь нам сохранить человечность, а значит, и человечество.

Кайратқызы Дана, победитель
Международной школы
«Science travel - 2016» .

Құттықтаймыз!!!

Мажинова Ч.М., Масаева Ш.А.,
Дырылдаева Т.З., Жайсаңбаева Р.А.,
Мугендекова Ж.М., Зәріп А.З.,
Сисанова Т.З., Далажанова Ж.Б.,
Уралова А.М., Маевбаева Б.,
Мұсаев М.С., Балажанова М.З.,
Қуамсызды М., Марсабаева С.М.,
Бамаубаев А.

Мұнан қорғайсыз құтты болсын!
Dengeringiz saulyq, endekteringiz
shygarmashylyq tabdye mileyiniz.

Мектеп директоры
Koeinodas, torayylyny

Happy Children's Day

Children's Day is an event celebrated on various days in many places around the world. International Children's Day is celebrated on June 1 and Universal Children's Day is on November 20. Other countries celebrate a local 'children's day' on other dates.

14th Nov. is celebrated all over India every year as Children's Day in loving memory of Pt. Jawaharlal Nehru, the first Prime Minister of our country. He was a true friend of children. He profoundly loved them and kept them dear to his heart. Therefore children called him 'Chacha Nehru'.

His great love for roses as well as children is a well-known fact. In fact he often compared the two, saying that children were like the buds in a garden. They should be carefully and lovingly nurtured, as they were the future of the nation and the citizens of tomorrow. He felt that children are the real strength of a country and the very foundation of society. Most importantly he did not discriminate between the sexes and believed in giving equal opportunities to girls and boys. In fact his own little girl grew up to be the third Prime Minister of India.

On this day International Children's Day is celebrated almost in all countries. It is not only one of the most joyful holidays for children, but it is also a reminder for grown-ups that children need constant care and protection and adults are responsible for them.

International Children's Day is the day of mobilization of social opinion for child protection, observance of rights of children for life, education and leisure, for protection from physical and psychological violence, exploitation of child labor, as necessary conditions for construction of humane and fair society.

Dear children! A smile of yours can show heaven on earth. A twinkle of your eyes can still us for ages. Happy children's day.

The teacher of English language Ramzanova Zh.B.



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ



WHAT SHOULD STUDENTS DO DURING SUMMER HOLIDAYS?

All the people enjoy summer holidays very much. It is a great pleasure to have a rest after a whole year of hard work or study. People like to travel during their summer holidays. Some people go abroad to see new countries, some people prefer to go to the country-side to enjoy country-life far from noise and fuss of big cities.

Some people like to spend their holidays in cities, visiting theatres, museums and going sightseeing. But a great number of people go to the seaside in summer.

There are some tips for children, what should students do during summer holidays:

1. You've finished your exams, you've thrown your papers in the air, stripped yourself of your school uniform and now you're ready for a long summer break of no studying and no school... So, what now? It may appear appealing to laze about and do near to nothing for your entire summer break, but believe me, I've attempted that in the past, and it isn't exactly fun.

2. There are numerous things you can do during your summer, which doesn't necessarily have to be "hard work", if what you're looking for is a laid back summer. The first thing I'd suggest to those thinking about what to do in their summer holidays is, get involved. How can you get involved?

3. Join workshops taking place in your local museums and art galleries. There are always interesting workshops going on in art galleries and museums, simply go to their website, and register yourself!

4. The summer holidays is also the perfect excuse to further your learning, or even, to try something completely new. So why not....

5. Try learning a new language. Many universities and colleges offer summer schools or evening classes, ranging from languages, to subjects such as media, computer science or even mathematics.

6. Take up a new hobby. Never had professional diving classes, never played guitar? Now's the time to start! Summer can be long, so it's the perfect time to start something you've always wanted to. What's stopping you?

7. Feed your talents. Are you talented at art? Or perhaps singing? Enter some competitions, get your talent noticed. Not only is it a good boost to your confidence, but getting your work noticed by a wider audience is a good way to network.

8. Get a job! If possible, find somewhere you've always wanted to work, and apply! There's no harm, right? Plus, you'll have the opportunity to earn money, which means you'll be able to afford those few (or many) things you've always wanted.

9. Summer is one of the best opportunities you have to network, get yourself heard, as well as have as much fun as you can. So, get out there and enjoy yourself!

The teacher of English Language: Uralova A.M.

Оқу-далалық жиыны-әскери өмір баспалдағы

Білім беру ұйымдарында қазіргі заманғы қазақстандық қоғамға, балалар мен жастарға арналған, олардың санасында патриоттық сезімді, өз Отанына деген сүйіспеншілікті оятуға, өз Отанына пайда келтіру ұмтылысын тудыруға патриоттық және әскери-спорттық дала- жиындарының маңызы өте зор.

2015 жылдың 17-21 мамыр аралығында «Бұқтырма» демалыс лагеріне 10 - сынып оқушылары үшін оқу-дала жиыны өткізілді. Оқу-дала жиынының мақсат - Алғашқы әскери дайындық сабағында алған теориялық білімдерін жетілдіріп, тәжірибеде қолдану. Барлық соғыс өнерінің қыр - сырын меңгере отырып, болашақ Отанын қорғай білетін өз елінің патриот ұландарын тәрбиелеу. Оған мектебімізден сайдың тасындай 10 - «М1», 10 - «М2» сыныбынан 18 болашақ сарбаз барып қайтты. Ерекше үлгілі тәртіптерімен көзге түскен мектебіміздің ұлдары оқу - дала жиынында өткізілген әр түрлі сайыстардан оқ бойы озық тұрды. Әсіресе, біздің мектептің YI взвод сарбаздарын басқарған Асқаров Амирлан бастаған ұлдар тобы әр түрлі сайыстардан I орынды иеленсе, «Мергендер» сайысынан Ризабеков Медет, Әділбаев Нұржан I орын, ОЗК кигеннен Нұрбекұлы Арманбек I орын, 60 метрге жүгіруден Түсіпханов Шыңғыс, Әділбаев Нұржан, взвод командирінің орынбасары ретінде көрсеткен білімі үшін Ағланбеков Амир және Сейітбеков Елдос мадақтамалармен марапатталды.

Қорытындылай келе, ұландарымыз осы жиынға аса қызығушылықпен қатысып, жыл бойында алған білімдерін көрсетіп, тәжірибеде шындай білді. Бес күндік оқу - дала жиынына қатысқан білім алушылар өздерін әскери қызметте жүргендей сезінгендерін айтты. Демек, болашақ сарбаздарымыз өздерінің Отан алдындағы борыштарын келешекте абыроймен атқарады деген ойдамыз.

Қапышев Серік Қыдырбекұлы,
Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі.

